

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
И. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ БОЙЫНША
МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН**

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

**ДЛЯ УЧИТЕЛЕЙ ПО ИСПОЛЬЗОВАНИЮ СИСТЕМЫ
ЭЛЕКТРОННОГО ОБУЧЕНИЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ**

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 8 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 18 сентября 2015 года)

Электрондық оқыту жүйесін қолдану бойынша мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар.–Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 41 б.

Методические рекомендации для учителей по использованию системы электронного обучения в учебном процессе.– Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 41 с.

Осы ұсынымдарда мұғалімнің электрондық оқыту жүйесін өз кәсіби іс-әрекетінде қолдана білу әдістемесі және оны қолдану туралы нұсқаулар қарастырылған.

Әдістемелік ұсынымдар мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушыларына арналған.

В настоящих рекомендациях показана методика использования системы электронного обучения и ее применение в профессиональной деятельности учителя.

Методические рекомендации адресованы учителям школ и преподавателям колледжей.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015
©Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2015

Мазмұны

	Кіріспе.....	4
1	«Менің пәндерім» және ««Менің сабақтарым»» модульдерін қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	5
2	Жүйенің оқыту ресурстарын қолдану («е-кітапхана» және СБР).....	14
3	«Білімді бақылау» модульдерін қолдану.....	24
4	Сынып жетекшісіне арналған «Менің сыныптарым» модулінің негізгі қызметтері.....	36
	Қорытынды.....	38
	Глоссарий.....	39
	Қолданылған дереккөздер тізімі.....	40
	Қосымша.....	41

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Жолдауында: «Біз білім саласын модернизациялауды жалғастыра береміз. Сапалы білім Қазақстанның инновациялық дамуы мен индустрияландырудың негізі болуы тиіс» деп атап көрсетілген. Білім саласын ақпараттандырудың жаңа кезеңі республикада электронды оқытуды енгізу арқылы дәстүрлі білім жүйесінің сапасын жетілдіруге бағытталады.

Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында электрондық оқыту жүйесін енгізу озық технологиялар мен ең жақсы білімдік ресурстарға білім алушыларды теңдей қамтамасыз ететін негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

Электрондық оқытудың ақпараттық жүйесінде оқытуды басқару толығымен сипатталады. Оқытуды басқару жүйесімен жұмыс жасауда мұғалім негізгі рөл атқарады. Бұл жүйе бойынша әрбір тақырыпты оқыту кезінде сандық білім ресурстарын пайдалана білу, тестілеу жүйесін, күнтізбелік және тақырыптық жоспарлауды қолдана білу қарастырылады. Электрондық оқыту жүйесінің өзінде де аталған әрбір әрекет бойынша қолданушы ретіндегі мұғалімге арналған нұсқаулықтар берілген. Бірақ, бұл жүйені оқыту үдерісінде тиімді пайдалану үшін мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдардың болуы қажеттіліктен туындап отыр.

Әдістемелік ұсынымдардың мазмұны педагогтің кәсіби қызметінде электрондық оқыту жүйесін тиімді пайдалануға әдістемелік нұсқаулар ретінде құрастырылған.

Әдістемелік ұсынымдар: «Менің пәнім», «Менің сабақтарым», «e-кітапхана», «Білімді бақылау», «Менің сыныбым» (сынып жетекшілері үшін) модульдерін пайдалану туралы әдістемелік нұсқаулардан тұрады.

Әрбір модуль бойынша олардың электронды оқыту жүйесіндегі сипаттамасы, сәйкесінше сандық білім ресурстарын қолдану туралы жан-жақты қарастырылады. Аталған модульдерге сәйкес әдістемелік ұсынымдарды даярлауда республикадағы электрондық оқыту жүйесі енгізілген жалпы білім беретін мектептердің тәжірибелері де ескерілді.

1 «Менің пәндерім» және ««Менің сабақтарым»» модульдерін қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар

Мұғалімнің жеке тұлғасы, оның шығармашылығы мен кәсіби шеберлігі сабақтың барысында орын табатын болса, қазіргі уақытта бағдарламалық қамтамасыз етудің жоспарында немесе қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуде кеңінен көрініс табуда.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі бағдарламалық құралды әзірлеуде немесе жеке бағдарламасын жасау үстінде сыни сараптама жасау, таңдау-іріктеуде ерекше орын алады. Шығармашылықтың нәтижесінде мұғалім, оқу-әдістемелік мазмұны бар қайталанбас бағдарламалық өнімге қол жеткізеді.

АКТ пайдаланылатын сабаққа қатысты төмендегідей тұжырымдар қалыптасқан:

- баланың жеке-тұлғалық ерекшеліктерін есепке алу арқылы компьютерге бойын үйрету;

- оқу үрдісінде мұғалімнің түзету енгізудегі басқаруы;

- компьютерлік оқытудың ерекшелігі – оқушы мен мұғалімнің диалогы негізінде бір-біріне сәйкес келудегі интербелсенді сипаттамасы;

- жеке және топтық жұмыстардың үйлесімділігі;

- компьютермен жұмыс үстінде психологиялық ахуалдың сақталуы;

- сабақтың мазмұны, оны көрсетудің түрлі жолдары мен әдістерінің шексіз мүмкіндігі.

АКТ-қолдау арқылы сабақ өткізудің кейбір нұсқалары:

1. Мультимедиялық сабақ (демонстрациялық сабақ) сыныптағы бір компьютерде мұғалім жұмыс жасайды.

Бұл – компьютерді демонстрациялық құрал ретінде қолдану тәсілі. Мектепте компьютерлік кластан басқа бір ғана проекторы бар компьютер қойылған сыныпта кез-келген пәнге сүйемелдеуіш ретінде қолданылады.

Бағдарламалық қамтамасыз ету ретінде *CD*, *DVD*, фото-, бейне-, аудиоматериалдарды барлық тақырыптар бойынша пайдалану арқылы дайын сабақтарды өткізу, мұғалімдердің сабақтарында пайдалану кеңінен қолданылады.

АКТ–ны меңгерген мұғалімдер үшін электрондық-білімдік ресурстарды пайдалану - сабақтың өте қызықты, сапалы өтуіне мүмкіндік береді. Әсіресе, әдебиет, тарих, география, биология, бастауыш сынып пәндерін оқытуда электрондық-білімдік ресурстардың маңызы өте зор.

2. Компьютерлік қолдау сабағы – сыныптағы бірнеше компьютерде оқушылар топпен немесе, кезектесіп жұмыс жасайды.

Мұндай сабақтарда оқушыларға оқу бағдарламасына сәйкес ғылыми-танымдық мәтіндер, суреттер беру арқылы тәжірибелік тапсырмалар, жаттығу және бақылау жұмыстарын жүргізу маңызды. Осылайша, оқушылардың білім деңгейіне жеке және толық сараптама жасау арқылы объективті баға беруге, сонымен қатар, оқушылардың әлсіз деңгейлерін анықтауға мүмкіндік туады.

Компьютерлік қолдау сабақтарында тест тапсырмалары қолданылады.

Мұғалім мен оқушының кері байланысын анықтауда жоғары нәтиже береді. Тестік бағдарлама тақырыптар бойынша оқушы білімін анықтауға, сабақтың нәтижесін бақылауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда мұғалімдердің өздері сабақта пайдаланатын тестік тапсырмалардың түрлерін құрастыру қажеттілігі туындады.

Сонымен қатар, тренингтер және құрастыру сабақтары тиімді. Аталған мәселені шешу үшін компьютерлік бағдарламалық орта болуы қажет. Мәселен, математика сабағында құрастырмалы сабақтың шешімін табу үшін геометриялық байланысқа құрылған тренажер пайдаланылуы керек. Бұл кезде сабақтың мақсатына жету үшін оқушылар жеке және топта жұмыс жасайды.

3. Информатика пәнімен кіріктірілген сабақ.

Сабақтың мақсаты: АКТ пайдаланып оқу материалын әзірлеу, АКТ негізінде оқушылардың білімін кеңейту.

Сабақтың бұл түрі ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, пәнаралық байланысты жетілдіруге мүмкіндік береді.

Кіріктірілген сабақтарды оқушылардың барлығы жұмыс жасау мүмкіндігі бар компьютерлік кластарда өткізу керек, өйткені, олар түрлі операцияларды, сараптамаларды өздері жасауы қажет. Сабақта оқушылардың өздері тұжырым жасауы үшін қажетті есептердің үлгісі жасалуы тиіс.

Кіріктірілген сабақты пән мұғалімі және информатика маманы бірігіп өткізулері қажет. Пән мұғалімі мақсат-міндеттерді анықтап, оқушылармен бірге аралық және түпкі нәтижелерді сараптайды, шешім шығарады. Ал информатика пәнінің мұғалімі осы үлгі бойынша сабақ үрдісінің математикалық есептерін құрастырады. Мектеп бағдарламасында бірнеше ғылымның кіріктіріле оқытылуын талап ететін тақырыптар баршылық.

Информатика пәнінде пәнаралық сабақтарды өткізудің ақпараттық үлгілері кеңінен таралуда.

Компьютерлік үлгілеу жай уақытта табиғатта көзге көрінбейтін эксперименттер мен құбылыстарды зерттеуге, оларды бөлшектей бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, нақты өмірде сынақ жасау мүмкін емес немесе аса көп материалдық шығындарды қажет ететін құбылыстарды зерттеуде де компьютерлік үлгілер аса қажет болады. Мысалы, компьютер мектептегі физика кабинетінде тәжірибе жасауға болмайтын ядролық реактордың жұмысын бақылауға немесе жарықтың таралуы мен жұтылуын байқауға мүмкіндік береді.

Интербелсенділік оқушылардың түрлі эксперименттерге бақылаушы, белсенді қатысушы ретінде танымдық мүмкіндігіне жол ашады. Сол арқылы оқушыларда шынайы өмірде қолдануға қажетті біліктілік дағдысын қалыптастырады. Бұл өз кезегінде оқушының пәнге қызығушылығын, шығармашылық белсенділігін арттырады.

Кейбір үлгілер эксперимент барысында графикалық байланыстардың сәйкестілігін анықтауға, олардың құрылымын оқуға мүмкіндік ашылуы арқасында пәнге қызығушылықтарын жетілдіреді.

Пәнаралық тапсырмалардың жүйесін құрастыру үшін төмендегі

алгоритмді қолдану ұсынылады:

- әрбір пәнде ақпараттық технологияны қолдануды қажет ететін жұмыс түрлерін анықтау;
- оқушының ақпараттық технологияны қолдану білігін белгілеу;
- пәннің нақты міндеттерін жүйелеу;
- информатика курсына әзірленген нұсқаларды енгізу.

4. Интернет-ресурстарды пайдалану арқылы өткізілетін дәстүрлі сабақ.

Мұндай сабақтарда оқу-әдістемелік құрал ретінде *CD-*, *DVD* тасымалдаушы (оқулықтар, оқу құралы, хрестоматия, есептер жинағы, сөздіктер, анықтамалықтар, тест тапсырмалары, шартты белгілер, статикалық және динамикалық үлгілер, т.б.) білімдік интернет-ресурстар пайдаланылады. Бұл материалдар мұғалімнің сабақ өткізуі барысында, сабақ үрдісінің әр кезеңінде (түсіндіру, бекіту, бақылау) нәтижеге қол жеткізеді.

Сабақ алгоритмінің үлгісі:

- сабаққа дайындық кезеңінде-ақпараттық ресурстарды сараптау, тақырыпқа сәйкес материалды іріктеп, таңдау, электронды немесе қағаз түрінде құрастырып, рәсімдеу;
- жаңа тақырыпты түсіндіру кезеңінде – пәндік көрнекіліктерді пайдалану (иллюстрациялар, фотосуреттер, портреттер, құбылыстар мен үдерістердің бейне үзінділері, тәжірибелерді демонстрациялау, бейнесаяхаттар, т.б.). Сабақ барысында мұғалім әрбір мәліметті, ақпаратты түсіндіруі және мысалдар арқылы түсіндіруі керек;
- өтілген материалды бекіту кезеңінде оқушылар электронды оқулықтармен, оқу құралдарымен, хрестоматиялармен, электрондық септер жинағымен, сөздіктермен, анықтамалықтармен, тест тапсырмаларымен және шартты белгілермен өз бетінше жұмыс жасай білуге үйрету. Сабақтың осы кезеңінде ұжымдық, топтық, жеке және деңгейлік түрлерін қолдану ұсынылады. Деңгейлік оқытуды ұйымдастыруда мұғалім алдын-ала оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, тапсырмалар әзірлеуі керек. Үлестірмелі материалдар электронды және қағаз түрінде берілуі тиіс.

АКТ құралдарын пайдалану арқылы өтілетін кең таралған сабақтарды ұйымдастыру

Компьютерлік класта өткізілетін сабаққа дайындық кезінде мұғалімнің міндеттері:

- мультимедиалық өнімдерді және ақпараттық ресурстарды қарап, педагогикалық тұрғыдан бағалау;
- бағдарлама материалдарын тізімдеу, оқушының компьютермен жұмысын ұйымдастыру, оқушының әрекетін жоспарлау, электронды нұсқада оқу материалын түсіндірудің әдіс-тәсілдерін белгілеу.

Компьютерлік класта сабақ өткізу үшін сабақ жоспарын жасау қажет. Электрондық білімдік баспа материалдарына ерекше көңіл бөлінуі керек.

Ақпараттық технология құралдарын қолдануға негізделген сабақтың

үлгісін қарастырайық.

Сабақтың кіріспе кезеңінде мұғалім оқушылардың электрондық құралдармен жұмыс істей білуін, дайындығын анықтап, жаңа ұғымдар туралы түсінік жұмысын жүргізеді. Қажет болса, бағдарламалық өнімдермен қалай жұмыс жасау керектігін көрсетеді, оқушыларға жеке-жеке тапсырма беріледі.

Сабақтың екінші кезеңінде оқушылар мұғаліммен бірлесе электрондық ресурстармен жұмысқа кіріседі де, сонан соң өздік жұмыстарын бастайды. Аталған кезеңде мұғалім оқушылардың зерттеу, ізденіс, ақпаратты өңдеу, кеңес беру үдерісінде тәлімгер ролін атқарады.

Үшінші кезең оқушылардың компьютерді пайдаланбай түрлі дидактикалық материалдарымен жұмысын қарастырады. Сабақтың мазмұнын меңгеруге көмектесетін проблемалық жағдаяттарды, есептерді шығаруға тапсырма беруге болады.

Сабақты жүргізу үдерісін түрліше бөлуге болады, мысалы екінші кезеңде оқушыларға жаттығулар жүйесін ұсына отырып, Электрондық білімдік баспа материалдарынан тапсырмалар берілсе, бұл – сабақта электрондық ресурстармен жұмыс істеудің жоғары деңгейі болып есептеледі.

АКТ пайдалану арқылы өткізілетін сабақты жоспарлауда есте сақтайтын факторлар

Біріншіден, білім беру үдерісінде тиімді нәтижеге қол жеткізетін Электрондық білімдік баспа материалдарына жан-жақты сараптама жасалып, аталған ресурстарды пайдаланудың әдістемесін, сабақтың негізгі кезеңдерін жобалау қажет.

Екіншіден, компьютерді пайдаланушы оқушылардың санитарлық нормалары сақталуы керек. Бірінші сынып оқушылары компьютерде 10 минут, 2-5 сынып оқушылары үшін 15 минут, 6-7 сынып оқушылары үшін 20 минут, 8-9 сынып оқушылары үшін 25 минут, 10-11 сынып оқушылары үшін бірінші сабақта 30 минут, екінші сабақта 20 минут қарастырылған.

Үшіншіден, компьютерлік класта өтілетін сабақтың түрі ойластырылуы керек. Себебі, кабинетте 10-12 компьютер болса, оқушылар саны 25-30 болуы әрбір оқушының жеке компьютерде жұмыс жасауын қамтамасыз ете алмайды.

Электрондық курс оқушылардың тиянақты білім алуы үшін электронды оқыту жүйесіндегі басты материалды тасымалдаушы құрал болып есептеледі. Ол сабақтың міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін тақырыптарды құрастыруға қол жеткізеді. Қағаз түріндегі материалдардан әлдеқайда көп тиімді. Анимация, рольдік ойындар, интербелсенді үлгілер мен тренажерлер, үшөлшемді құрал-жабдықтар оқушылардың сабаққа белсенділігін арттырады сөзсіз.

Электронды оқытудың ақпараттық жүйесіндегі «Менің пәнім» модулі күнтізбелік-тақырыптық жоспар бойынша құрастырылған. Төменде аталған сабақтың техникалық жабдықталуының алгоритмі ұсынылып отыр. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар пәндік терезеге орналастырылады. Пәндік терезеге ену «Менің пәнім» бөлімі арқылы жүзеге асады (1-сурет).


Бөлімге өту үшін «Оқыту», «Өту», «Менің пәндерім» командаларын таңдау керек.

«Менің пәндерім» бөлімінде мұғалімнің таңдалған оқу жылындағы сыныптарға беретін барлық пәндері көрсетіледі (1-сурет). Пән бетіне көшу үшін керекті пәнді таңдау керек.



1-сурет – «Менің пәндерім» бөлімі

Пәннің күнтізбелік-тақырыптық жоспары әр оқу кезеңіне (тоқсан/семестр) бөлек құрастырылады. Терезеде 4 бөлімше бар – ол 4 тоқсан (2-сурет). Әр бөлімшеде тоқсанда қанша сағат сабақ жүретіні көрсетілген.




2-сурет – Пән терезесі

Тақырыптарды қосу. Жоспарға тақырыпты қосу үшін «Жаңа тақырып» пернесін басыңыз (2-сурет, 2- белгілеу).

Тақырып атауын немесе сағат санын ауыстыру үшін керекті тақырыпқа басып (2-сурет, 3-белгілеу) өзгертулерді енгізесіз.


Тақырыптарды жіктеу. Күнтізбелік жоспарды апта ішіндегі сабақтарға жіктеу. Қосылған тақырыптарды жіктеу үшін:

1) Аптаны таңдаңыз. Экранда таңдалған аптадағы өтетін сабақтардың тізімі шығады (3-сурет).




3-сурет – Таңдалған аптадағы сабақтардың тізімі

2) Сабақ тақырыбын таңдау үшін (+) басыңыз. Экранда мұғалім қосқан тақырыптардың тізімі шығады (44-сурет).





4-сурет – Тақырыптар тізімі

3) Тізімнен тақырыпты таңдаңыз (тақырыпқа басу арқылы). Пәннің астында тақырып атауы шығады 5-сурет).




5-сурет – Тақырып таңдалғаннан кейін пәндер тізімі

Тақырыпты жою үшін , ал қосу үшін  пернелерін таңдау керек. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды (КТЖ) көшіру – ол жүйе ішінде күнтізбелік-тақырыптық жоспар тізімін бір сыныптан бір сыныпқа көшіру. Бір сабақтан параллель оқитын сыныптардың КТЖ-сін толтыруда өте тиімді функция болып табылады.


Пәндер ішінде КТЖ көшіру үшін:

1) Пән терезесінен керекті оқу кезеңін таңдап (тоқсан, семестр) «КТЖ көшіру» пернесін басыңыз (6-сурет).




6- сурет – Пән терезесі

2) Сосын басқа пәннің терезесін ашып, керекті оқу кезеңін тандап (тоқсан, семестр), көшірілінген КТЖ-ні «КТЖ қою» пернесін басу арқылы көшірілінеді (7-сурет).




7- сурет – Көшірілген КТЖ қойылатын пән терезі

3) Көшірілген тақырыптар тізімі пән терезесінде көрсетіледі (8-сурет). Бағалар журналымен жұмысты бастау үшін күнтізбеге байланысты сабақты таңдау қажет. Ол үшін келесі әрекеттерді орындау керек: басты терезеде «Ауысу» пернесін басып, «Менің сабақтарым» бөлімін таңдау қажет. Сонда мұғалімнің жеке күнтізбесі ашылады.




8-сурет – «Кесте» терезесі

4) «Сабақ кестесі» терезесінде керекті оқу кезеңін таңдау: Оқу жылы, Оқу кезеңі, Апта. Кезең таңдалғаннан кейін күнтізбеден сабақты таңдау жүзеге асырылады. Экранда келесі ақпараттар пайда болады (9-сурет):



9-сурет – Сабақ терезесі

Экранда таңдалған сабақтың терезесі ашылады. Сабақты бастау үшін «Сабақты бастау» пернесін басу қажет. Сонда сабақ басталуын растайтын сұрақ шығады (110-сурет).



10-сурет – Растау сұрағы

Сұрақ расталғаннан кейін келесі терезе шығады (11-сурет):



11-сурет – Сабақ терезесі

Журнал терезесі екі бөлімнен тұрады: мұғалімнің жеке күнтізбесі және бағалар журналы.

Жеке күнтізбеде керекті күнге немесе мұғалім сабағына өтуге болады.

Сабақтың тақырыбы алдын-ала дайындалған КТЖ-дан қосылады. Егер тақырып сабаққа байланысты болмаса, журналдан сабаққа тақырып жіктеу керек.

2 Жүйенің оқыту ресурстарын қолдану («е-кітапхана» және СБР)

Электрондық курсты құру үдерісін шартты түрде 3 кезеңге бөлуге болады:


- курсты жобалау;
- курс үшін материалдарды дайындау;
- бірыңғай бағдарламалық кешенге материалдарды құру.

Курсты жобалау

Электрондық курстың бастапқы жобалау кезеңі педагогикалық сценарийдің өңделуі болып табылады.

Педагогикалық сценарийдің барлық қажетті компоненттерін дайындап, оқушылардың білім деңгейлеріне, пәндік саладағы базалық білімнің бар не жоқтығына байланысты материал қабылдауының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытушы курс зерттеуінің тиімді траекторияларын анықтау керек.

Айталық, «Информатика және АКТ» пәніндегі «Адамның ақпараттық әрекеті» бөлімі бойынша құрылған педагогикалық сценарийді графикалық тұрғыдан келесі түрде беруге болады (12 –сурет).



12-сурет– Педагогикалық сценарийді графикалық тұрғыдан жүзеге асыру мысалы

Бұл оқушылардың құрылымдық әрекеттері оқытушыларға түрлі тапсырмаларды шешуге, ал оқушыларға курс үшін өзіндік тиімді жұмысын құрастыру мүмкіндігін беретін, ең аз дегенде бес білім беру траекторияларын таңдау дегенді білдіреді.

Кейін технологиялық сценарийлерді өңдеу керек болады. Мұнда деңгейлер бойынша материалдарды құрастыру керек, сонымен қатар:

- әлдеқайда тиімді оқытуға арналған қандай электрондық курс


компонеттері өңделгенін көрсету;

- оларға деген қолжетімділік сипаттамасын көрсету;
- дизайн бойынша авторлық тілектерді көрсету;
- материал бойынша түйінді сөздер мен навигация қралдарын көрсету;
- қажетті мультимедиа қосымшаларын көрсету.

Электрондық кітапханалар – бұл деректерді жүйелеп сақтауға, өңдеуге, таратуға, талдауға, сондай-ақ электронды құжаттарды, жаһандық желілер арқылы әртүрлі коллекциялардан іздестіруді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйелер.

Электронды оқыту жүйесінің электрондық кітапханасы әртүрлі форматтағы оқу материалдарын қамтиды: электрондық кітаптар, әдістемелік оқулықтар, тұсаукесерлік материалдар, дыбыс және бейне баяндар және тағы басқалары. Әр оқытушы оқу үдерісінде қолданатын өзінің жеке кітапханасын, оқу материалдарын жүргізеді. Сонымен қатар оқытушыға тапсырмалармен әдістемелік құралдарды қолданған кезінде қажетті сандық білім беру ресурстарының материалдары қолжетімді болып келеді.

Электронды оқыту жүйесінің оқу материалдарын іздеу келесі құралдар арқылы жүзеге асырылады: Іздеу, Кеңейтілген іздеу, Рубрикатор (13-сурет).



The image shows a search interface within a rectangular frame. At the top, there is a search input field containing the text "мысалға: Энеолит". To the right of this field is a teal button with the white text "Іздеу". Below the search field, there is a horizontal navigation bar with three links: "Рубрикатор", "Кеңейтілген іздеу", and "Тазалау".

13-сурет – СБР іздеу бөлімі

СБР-ді іздеу үшін СБР атауында кездесетін сөзді енгізіп, «Іздеу» пернесін басыңыз.

Рубрикатор- реттелген тараулардан тұратын кітапхана каталогы.


Рубрикатор құрылымы: пән, аудитория (мектеп пәндеріне параллель, Мамандық бойынша пәндердің кәсіптік бағыты), контент тілі.

Кеңейтілген іздеу: СБР-і келесі параметрлер арқылы іздеуге болады: Авторы, Қысқаша ақпарат, Түйінді сөздер, Атау (Тақырып), Жеткізуші.

Оқу материалдарын қарау үшін СБР атауын немесе суретке басып материалды ашу керек.

Экранда Оқу материалының карточкасы шығады: СБР нөмірі, Атауы, Жеткізуші (14-сурет) .

№ 1241. Итоговый тест за курс алгебры 7 класса 328 2 1



АО «Национальный центр информатизации»

Формат: SCORM
 Көлемі: 1.3 Мб
 Тіл: Орыс тілі

[Көшіру](#)

[Сілтемені көшіру](#)

Түсініктемеңізді қалдырыңыз:

[Жіберу](#)

14-сурет – Оқу материалының карточкасы

«Оқу материалының карточкасы» терезесінде келесі әрекеттерді орындауға болады:

- Материалды бағалау (Ұнайды немесе Ұнамайды).
- «Таңдаулы» бумасына апарып қосу.
- Түсініктеме беру.
- Материалды көшіру.
- Жүйеде қолдану үшін сілтемені көшіру.


Электрондық оқыту жүйесінде мектеп мұғалімінің жеке электрондық оқу курстарын құруға мүмкіндігі бар.

Электрондық оқу курсы – бұл тақырыбы тәмамдалған, оқушыға электрондық форматта берілетін автормен құрылған оқу материалы. Электрондық оқу курсы әдетте өз бетінше оқуға арналады, алайда оқулыққа немесе құжатқа қарағанда төмендегідей ерекшеліктері болуы мүмкін:

- жетілген иллюстративті мүмкіндіктері – суреттерді, анимацияларды және мультимедиялық материалдарды пайдаланады (бейне- және аудиороликтерді, *Flash*-роликтерді, *Java* қосымшаларын және тағы басқалар);
- интерактивтік - оқу материалдарын ұсынуды оқу- әрекеттеріне қарай өзгерте алу қабілеті.

Мұғалімнің авторлық материалдары Мұғалімнің Жеке кабинетінде қамтылады. Ауысу үшін Ауысу, СБР жүктеуші, Кабинет, Курс құру опциялары

қолданылады(15-сурет).



15-сурет – «Кабинет» терезесі

Оқу курсың құруға болады: нақты уақыт режимінде; дайын материалдарды жүктеу құралының көмегімен офлайн режимінде.

Оқу материалын нақты уақыт режимінде құру үшін «Курсты құру» пернесін басыңыз, экранда «Курсты құру» терезесі пайда болады (15-сурет).

Бұдан әрі «курсты құру» терезесіне курстың келесі деректерін енгізу қажет (16-сурет):

- курстың атауын енгізу;
- материалдың сілтемесі орналасқан негізгі жіктеуіште курстың санатын таңдау: барлық санаттарды таңдау; ерекшеленген санаттарды таңдау; ерекшеленген санаттардан бас тарту; барлық санаттардан бас тарту;.
- пәнді көрсету;
- тілін көрсету;
- параллелді көрсету;
- оқу материалына аннотация енгізу;
- материалды іздеу кезінде пайдаланатын негізгі сөздерді енгізу;
- курстың авторын атау;
- курсқа шығатын деректердің жеткізушісін көрсету;
- курстың тақырыбын көрсету;
- мақсатты аудиторияны көрсету;
- «сақтау» түймесін шертіңіз, «қамтылатындарды құру» терезесі пайда болады.

Создание курса

Название

Санат

►  Авторский раздел_Школа

Түр

[Жалпы](#)

Белгі



Тіл

- Қазақ тілі
- Ағылшын тілі
- Орыс тілі

Аңдатпа

Аңдатпа

Басты сөздер

Басты сөздер

Автор

Автор

Өнім беруші

Өнім беруші

Библиографиялық тізім

Библиографиялық тізім

- Не публиковать
- Опубликовать (доступ всем)
- Опубликовать (доступ к своей школе)

Страницы

Отсутствует.

Добавить из ЦОР


Добавить Страницу

Сақтау

Күшін жою

16-сурет – «Курсты құру» терезесі

«Қамтылатындарды құру» терезесі оқу курсының материалдарын құру үшін қызмет етеді (17-сурет).



17-сурет – «Қамтылатындарды құру» терезесі

Материалды қосуды төмендегі әрекеттер арқылы орындауға болады:

- құжаттың мәтінін қолмен құру;
- СБР-дан дайын оқу материалдарын бекіту.

Материалды қосу үшін «Бетті қосу» пернесін басу керек. Бұдан әрі экранда «Бетті құру» терезесі пайда болады.

«Бетті құру» терезесіндегі мәтіндік редактор жаңа құжатты құрып қана қоймай, үлгі құрады және үлгінің ішіндегісін құжатқа жүктейді.

Бетті (құжаттың) құру үшін келесі әрекеттерді орындау керек:

- құжаттың атауын енгізу;
- редактілеу құралдарын пайдалана отырып, негізгі алаңда мәтін теру;
- құжат сақтау - «сақтау» пернесін таңдау;
- үлгінің бетін (құжатын) құру үшін келесі әрекеттерді орындау керек:
- үлгінің атауын енгізу;
- редакциялау құралдарын пайдалана отырып негізгі алаңға мәтін жазу;
- үлгіні сақтау - «үлгі ретінде сақтау» пернесін таңдаңыз.


Дайын үлгі жүктемелері үшін келесі әрекеттерді орындау керек:

- құжаттың атауын енгізу;
- үлгіні таңдау;
- редакциялау құжаттарын пайдалана отырып, негізгі алаңда үлгінің мәтінін редакциялау;

- «сақтау» түймесін шерте отырып- құжатты сақтау.

СБР-дан дайын материалды бекіту арқылы материалды қосу үшін «СБР-дан қосу» пернесін таңдаңыз.

Бұдан әрі экранда «Рубрикатор» терезесі пайда болады (18-сурет).



18-сурет – «СБР қосу» терезесі


Бұл терезе оқу курсының материалы сияқты қосуға болатын СБР оқу материалдарының жіктеушісі ретінде де қызмет атқара алады.

Оқу материалдарын қосу үшін (19 -сурет):

- жіктеуіштен материалды табу;
- материалды таңдап (материалға басу) материалдың атауына басыңыз.

Материалды таңдағаннан кейін, материал курсқа бекітіледі. Бекітілмеген жағдайда «Қате! Сілтемеге дерек табылмады» түріндегі хабарлама пайда болады. **Ошибкa! Источник ссылки не найден.**

Егер басқа материалдарды қосу қажет болса, оларды жоғарыда сипатталған тәсілдермен шектеусіз қосуға болады. Оқу материалдарын құру жұмыстарын аяқтау үшін «Сақтау» пернесін басыңыз.




19-сурет – «СБР жүктеу» терезесі файл түрін таңдағаннан кейін

Офлайн режимінде оқу курсы құру - бұл жүйеге қосылмастан оқу материалын құру. Құрылған материалды жүктеу құралдарының көмегімен жүктейді. Басқаша айтқанда – дайын материалдарды жүктеу құралдарының көмегімен оқу курстарын құрудың жылдам тәсілі. Егер оқу курсы бір ғана материалдан тұрса, осы тәсілді пайдалануға болады.

Оқу материалдарын құру үшін келесі әрекеттерді орындау керек:

- «Жүктеу» түймесін шертіңіз (20-сурет), экранда «СБР жүктеу» терезесі пайда болады (21-сурет).




20-сурет – «СБР жүктеу» терезесі


Көңіл аударыңыз Сіз жүктейтін ЦБР өңделуде болады, барлық әрекеттер (сақтау, редакциялау, жою/ қалпына келтіру, жариялау/жариялауды болдырмау) белгілі уақытты талап етеді, төзіміңізге алғыс білдіреміз!

[Файлдың түрін таңдаңыз](#)

21-сурет – «Жүктелетін файл типтерін таңдау» терезесі



22-сурет – Файлды таңдаудағы сұхбат терезесі

- «СБР жүктеу» терезесінен  пернесін таңдаңыз, экранда файлдың таңдау сұхбат терезесі пайда болады;
- файлды таңдап және «Ашу» (22-сурет), пернесін таңдаңыз, «СБР жүктеуіш» терезесі түсіне енеді (23-сурет):
- «СБР жүктеу» терезесіне курстың міндетті деректерін енгізу керек (Оқу курсың қолмен теру бөлімін қараңыз);
- оқу курсың сақтау үшін Сақтау пернесіне басу.

Внимание загружаемый Вами ЦОР будет в обработке, все действия(сохранение, редактирование, удаление/восстановление, публикация/отмена публикации) требуют определенного времени, благодарим за терпение!

Тип файла: PDF

pdf_загрузка

Тип

[Общий](#)

Идентификационный номер

2169211923

Иконка



Язык

Казахский

Английский

Русский

Категория

- Авторский раздел_Школа
- Естествензнание
- информатика
- Искусство
- Математика и информатика
- материаловедение
- тест_рус
- Технология
- Физическая культура и начальная военная подготовка
- Человек и общество
- Язык и литература

Аннотация

Аннотация

Ключевые слова

Ключевые слова

Автор

Автор

Поставщик

Поставщик

Библиографический список

Библиографический список

Не публиковать

Опубликовать (доступ всем)

Опубликовать (доступ к своей школе)

Сохранить

Отмена

23-сурет – «СБР жүктеу» файл таңдалғаннан кейін

3 «Білімді бақылау» модульдерін қолдану

Педагогикалық тестілеу – бұл педагогикалық тестілерді қолдану негізінде оқушылардың білімін өлшеу формасы. Ол сапалы тестерді дайындаудан тұрады, тестілеуді өзбетінше жүрізеді және тестіленушінің деңгейін бағалайтын нәтижелерін өңдейді.

Педагогикалық тест – бұл стандартталған үрдістерді өткізетін, өңдейтін және нәтижелерін талдайтын тест тапсырмалары жүйесінен тұратын оқушылардың білімін бағалайтын құрал.

ЭО АЖ оқушылардың тестілеу (модуль) құралынан тұрады. Модуль тестерді құру үрдістерін, өткізу және оқушылардың білімін бағалаудан тұрады. тестілерді құру үрдістері мұғалім үшін қолжетімді болып келеді. Тестілерді құру бұл:

- тестілеу сұрақтарын өңдеу;
- тестілеу өткізу шарттарын күйге келтіру;
- тестілеуді бағалау ережесін анықтау.

«Тестілеу» модулімен жұмыс істеуі үшін ұстазға басты терезеден «Тестілеу» бөлімін таңдау керек. Экранда «Тестілеу» терезесі пайда болады. Ол келесі бөлімдерден тұрады:

- тесттердің дизайнері;
- сұрақтарды теру;
- белгіленген тесттер;
- тесттерді тексеру.

Оқушылардың тестілеу жұмыстарын өткізу тәртібі:

- сұрақтар жиынтығын анықтау;
- тест тапсырмаларын құру және тест өткізу шарттарын анықтау;
- оқушыларға тест тапсырмаларын белгілеу;
- тестілеуді өткізу (оқушылардың тест тапсырмаларын орындауы);
- тапсырмалардың орындалуын тексеру.

ЭО АЖ-де 6 түрлі сұрақтарды құру мүмкіндіктері бар:

- жалғыз ғана дұрыс жауабы бар сұрақ;
- бірнеше дұрыс жауаптары бар сұрақ;
- сәйкестікке арналған сұрақтар;
- формаларды толтыруды талап ететін сұрақ;
- тестіленушінің еркін жауап беруді талап ететін сұрақ;
- суреттегі карта бойынша таңдауы бар сұрақ.

Тесттік сұрақ, жауаптар нұсқасы және дұрыс жауап мынадай тәртіпте енгізіледі:

1) *Негізгі сұрақты енгізу.* Деректерді енгізу алаңында алдын-ала қарау алаңына тест сұрағының сөйлемі енгізіледі, сұрақ сөйлемі пайда болады

2) *Жауаптар нұсқасын анықтау.* Жауаптар нұсқасын енгізу үшін түймесін шерту керек. Деректерді енгізу үшін алаңда жол пайда болады.

Вариант
ответа

@!A!@.

Жауап нұсқасының мәтіні !- леп белгілерінің арасында енгізіледі. Жауаптың бірінші нұсқасы «**Күрделі желілік басқару**» секілді терілді:

@!Күрделі желілік басқару!@

Сонымен бірге алдын-ала қарау алаңымен қатар әр жауаптың нұсқасы көрінеді.

3) *Жалғыз дұрыс жауапты анықтау.* Дұрыс жауапты анықтау үшін

Правильный
Ответ

түймесін шерту керек. Деректерді енгізу алаңы үшін жол пайда болады

%1%

Дұрыс жауаптың реттік саны % белгісінің арасына енгізіледі. Жауаптың нұсқасы «**Желілік тендеулер жүйесі**» дұрыс жауап болып табылады, себебі бұл нұсқаның реттік нөмірі үш, дұрыс жауап жолында тұр, былай көрсетіледі:

%3%

Жауаптың дұрыстылығын тексеру үшін дұрыс жауап түймемен белгіленген алдын-ала қарау алаңын қарауға болады

Жауаптары бар тесттік сұрақтар келесі тәртіпте енгізіледі:

1) *Жауаптар нұсқасын анықтау.* Осындай түрдегі сұрақтар жауаптар 2 топқа бөлінеді және бір-біріне сәйкестікке қойылады. Жауаптар нұсқасының саны жұп болуы керек.

Жауаптар нұсқасы мынадай форматта болады:

@!{a1} белгі!@

a1 – бұл жауап нұсқасының атауы.

Жауаптар нұсқасын енгізу үшін

Вариант ответа

 пернесін басу керек. Деректер жауабын енгізу үшін алаңда пайда болады

@!A!@.

Жауап нұсқасының мәтіні -! леп белгілерінің арасына енгізіледі. 24-суретінде сәйкестік сұрақ үлгілерімен жауаптар нұсқалары қойылған:


– a1=2*2;

– b1=16;


– a2=4*4;

– b2=4.

Суретте a - a1 және a2 топты жауаптар нұсқасының 12 мағынасы сол жақ үш бұрышта орналасқан [3], ал b - b1 және b2 тобындағы жауаптар нұсқасының мағынасы оң жақ үшбұрышта орналасқан.




24-сурет – Жауаптар нұсқасын қосу үлгісі

2) Жауаптар нұсқасына сәйкестігін анықтау. Жауаптар нұсқасының сәйкестігін анықтау үшін  (25-сурет) пернесін басу қажет. Деректерді енгізу үшін алаңда **%1%** жол пайда болады. Жауап нұсқаларының сәйкестігі мынадай форматта жазылады:

%{a1:b1}%

Осы жазба a1 жауабының нұсқасы b1 жауабының нұсқасына сәйкестігін білдіреді. Жауап нұсқаларының сәйкестік дұрыстығын тексеру үшін алдын-ала қарау алаңын тексеру керек.




25-сурет – Сәйкестікке нұсқалар сәйкестігін анықтау үлгісі

Сұрақтар жиынтығындағы тест сұрақтарын сақтау үшін «Қосу» командасын таңдау керек (25-сурет).

Импорттық сұрақ – ағымдағы сұрақтар жиынтығына сұрақты басқа жиынтықтан қосу.


Жиынтыққа басқа сұрақты қосу үшін:

1) Сұрақтар жиынтығын ашу қажет.




26-сурет – «Сұрақтар жиынтығы» терезесі

2) Сұрақтар жиынтығы терезесінен «Сұрақты қосу», «Сұрақты шеттен алып қосу» командасын таңдаңыз. Экранда «Сұрақты шеттен алып қосу» терезесі пайда болады (27-сурет).




27-сурет – «Сұрақты шеттен алып қосу» терезесі

3) «Сұрақты шеттен алып қосу» терезесінде сұрақтар жиынтығын таңдау қажет, ол жақтан сұрақты көшіріп – сұрақтар жиынтығы атауын шертіңіз. «Деректерді шеттен алу» терезесінде таңдалған жиынтықтың сұрақтар тізімі пайда болады (28-сурет).



28-сурет – «Деректерді шеттен алу» терезесі

4) Сұрақтар жиынтығын таңдағаннан кейін, сұрақты тексеру керек болса, сұрақты ашып – көз формасындағы таңбаға шертіңіз. Экранда сұрағы қамтылған «Сұрақты қарау» терезесі пайда болады (29-сурет) .




29-сурет – «Сұрақты қарау» терезесі

5) Сұрақты қосу - «Деректерді шеттен алу» терезесінде жебенің формасындағы түймені таңдау керек.

Осыдан кейін таңдалған сұрақ ағымдағы сұрақтар жиынтығына қосылады.

Білімді тексеру үшін тест «Тестер дизайнері» бөлімінде құрылады (30-сурет).





30-сурет – «Тесттер дизайнері» бөлімі

Тестілік тапсырма құру үшін келесі әрекеттерді орындау керек:

- 1) «Тест қосу» пернесін басу керек. Экранда «Тест құру» терезесі пайда болады (31-сурет).


31-сурет – «Тест құру» терезесі

- 2) «Тест құру» терезесінде алаңға тестілік тапсырманың атауын енгізу.
- 3) Сұрақтар тобын атау.
- 4) Құрылған сұрақтар жиынтығын қосу (Сұрақтар жиынтығын құру бөлімінде нақты) –  пернесін таңдаңыз, экранда сұрақтар жиынтығы тізімі пайда болады.



32-сурет – Сұрақтар жиынтығы терезесі

- 5) Жиынтықты таңдау – Жиынтық атауына шертіп, бұдан әрі «Таңдау» түймесіне шертіңіз. «Тесті құру» терезесінде күрделілігі әртүрлі сұрақтар үшін ұпай тағайындау терезесі пайда болады.



33-сурет – Ұпайларды тағайындау терезесі

- 6) Сұрақтардың әр санаты үшін] сұрақтар санын және дұрыс жауап үшін ұпайын көрсету.
- 7) Тестілік тапсырмаларды сақтау үшін «Сақтау» пернесін басу қажет. Тестілеуді өткізудің шарттарын «Тест құру» терезесінде тестілеу құру кезеңінде, сондай-ақ тест тағайындау кезеңінде сұрауға болады. Тестті құру деңгейінде тестті өткізу шарттары «Тесттер дизайнері»

терезесінде беріледі.

Жүйеде тестілеудің келесі шарттары анықталған:

1) Оқу режимі. Режим, тапсырылған сұрақ бойынша теорияға тестіленушінің қолжетімділігінің болуы:

- Иә – оқу режимі қосылған.
- Жоқ – оқу режимі қосылмаған.

2) Жауаптар нұсқасын өзгерту.

- Иә – тестілеуші сұраққа жауап берген нұсқасын өзгерте алмайды.
- Жоқ - тестіленуші жауап нұсқасын бірнеше рет өзгерте алады.

3) Өткен сұраққа қайтуға тыйым салу:

- Иә – тестіленуші өткен сұраққа қайтуды орындай алмайды.
- Жоқ – тестіленуші сұрақтарды жауапсыз жіберіп, тест барысында бұл сұраққа қайтып келе алады.

4) Таңдалған жауаптың дұрыстығы туралы хабарлау.

- Иә – тестіленушіге жауаптың дұрыстығы туралы ақпарат берілетін болады.

- Жоқ – тестіленуші жауаптың дұрыстығы туралы білмейтін болады.

5) Нәтижемен танысу.


- Иә – пайдаланушыға тестілеу ақталуы бойынша тестілеу нәтижесі туралы ақпарат берілетін болады.

- Жоқ – пайдаланушыға тестілеу нәтижесі туралы ақпарат берілмейді.

Тестілік тапсырма оқушының білімін тексеру мен бағалау үшін арналған. Тесті тағайындау – бұл білімді тексеруден өту үшін оқушыға тестілік тапсырманы тағайындау.


Оқушыға тестілік тапсырма дайындау үшін:

1) «Тестілер дизайнері» бөлімінен тестіні таңдап – Тестінің атауына шертіңіз (34-сурет). Терезенің оң жағынан таңдалған тестілік тапсырмалар туралы ақпарат пайда болады.




34-сурет – «Тестілер дизайнері» бөлімі

2) Тағайындау пернесін таңдаңыз (35-сурет). «Тестілерді тағайындау» терезесі ашылады.



35-сурет – «Тестілерді тағайындау» терезесі

- 3) Тағайындалған тестіге атау енгізу .
- 4) Тесті өткізу кезеңін қою (басталу және аяқталу күні).
- 5) Форматта тест уақытының ұзақтығын көрсету.
- 6) Бағалау Шкаласын таңдау. Бұл үшін «Бағалау шкаласын таңдау» пернесін басу қажет. «Бағалау шкаласы» терезесі ашылады, одан шкаланы таңдап – «Таңдау» пернесін басу қажет (36-сурет) .



36-сурет – «Бағалау шкаласы» терезесі

1) Тесттен өтетін оқушыларды көрсету - тест тағайындау.

Тестілік тапсырма тағайындауға болады (36-сурет):


– жекелеген сыныпқа (топқа) – сыныптар (топтар) атауының қасына құсбелгімен;

– жекелеген оқушыларға - оқушының тегінің қасына құсбелгіме].

2) Тестілеу өткізу параметрлерін анықтау;

3) Тест тапсырмасын тағайындау– «Тағайындау» пернесін таңдаңыз.

Белгіленген тесттерді тексеру. Егер тест тапсырмасы сәтті тағайындалса, «Тағайындалған тестілер» терезесінің сол жақ бөлімінде Мұғалімнің ағымдағы оқу кезеңінде сабақ жүргізетін сыныптардың (топтардың) тізімі пайда болады. Сыныптағы тест тапсырмасының тағайындалуын тексеру үшін келесі әрекеттерді орындау қажет (37-сурет):



37-сурет – «Тағайындалған тесттер» бөлімі

1) Сыныпты таңдау керек (атауын шертіңіз). Экранда таңдалған сыныптың оқушысы тағайындаған тестілік тапсырмалар тізімі пайда болады (38-сурет).

Назначенные тесты	
	Название теста
9 А (Рус.яз/1) Аминов М.Х.	Тест по линейной алгебре
9-А	
7 И (Рус.яз/2) Аминов М.Х.	
9 Б (Рус.яз/1) Аминов М.Х.	
9 Б (Рус.яз/1) Аминов М.Х.	
9 Г (Рус.яз/1) Аминов М.Х.	
9-Г	
9-Б	
9-Б	
9-Г	
9 В (Рус.яз/1) Аминов М.Х.	
9 Б (Рус.яз/1) Аминов М.Х.	
7 Г (Рус.яз/2) Аминов М.Х.	
9-Ө	
9-Б	
9 Г (Рус.яз/1) Аминов М.Х.	
7 В (Рус.яз/2) Аминов М.Х.	
9 А (Рус.яз/1) Аминов М.Х.	
9-В	
9-Ө	
9 Ө (Рус.яз/1) Аминов М.Х.	
9-А	

38-сурет – «Тағайындалған тесттер» терезесі сыныпты таңдағаннан кейін

- 2) Тестілік тапсырманы ашу – тапсырманың атауын шертiңiз (39-сурет). Экранда тестілік тапсырмалар туралы ақпарат пайда болады.

Название назначенного теста
Тест для 9-А класса для проверки знаний по курсу ЛА


39-сурет – Тапсырма туралы ақпарат

Тест тапсырмасы тағайындалған оқушылар тізімін қарау үшін тапсырманың атауын шертү қажет. Экранда тест тапсырмасы тағайындалған оқушылар тізімі пайда болады (40-сурет).

Имя Ученика	Название теста	Баллы	Конвертация по шкале	Статус
Базарбай Едіп Сабитұлы	test1	20.0	2	Завершен
Ашуров Азамат Абдиқұлович	test1	100.0	5	Завершен

40-сурет – Тест тапсырмасын орындаған оқушылар тізімі

Тестінің тапсыру нәтижесін кесте түрінде көру үшін «кестені көрсету» пернесін таңдаңыз (41-сурет).



41-сурет – Тест тапсыру кестесі

4 Сынып жетекшісіне арналған «Менің сыныптарым» модулінің негізгі қызметтері

Авторландыру – белгілі тұлғаға немесе тұлғалар тобына аталған рөлге сәйкес белгілі іс-қимылдарды орындауға, сондай-ақ осы іс-қимылдарды орындауға әрекеттену кезінде осы құқықтарды тексеру (растау) үдерістерін орындау құқықтарын беру.

Пайдаланушыға авторландыруды жүргізу үшін электрондық оқыту жүйесінің басты терезесінде «Жүйеге кіру» командасын (42-сурет) таңдау қажет, авторландыру терезесі ашылады.

Оқыту үдерісін басқару жүйесіне кіру үшін «Логинді» енгізу және «Кіру» түймешесін басу қажет. Егер енгізілген Логин мен Пароль дұрыс болса, онда пайдаланушыға рөліне сәйкес басқа беттерге қолжетімділік берілетін болады.

42-сурет – Авторландыру терезесі

Оқушыны сыныпқа алу үшін алу пернесін таңдау керек. Экранда «Реквизиттерді толтыру» терезесі пайда болады (43-сурет).

Терезеде барлық алаңдарды толтырып, алу туралы бұйрықтың сканерден өткен көшірмесін қыстыру керек. Барлық міндетті деректерді толтырғаннан кейін, (* белгіленген) «Алу» командасын таңдау керек.

43-сурет – «Реквизиттерді толтыру» терезесі

Жаңа сыныптарды қосу үшін «Шығыс формалары / Операциялар» секциясында «Сыныпты қосу» командасын таңдау керек, сонда Жаңа сыныптың мәліметтерін толтыру терезесі пайда болады (44-сурет).

The screenshot shows a web-based form titled "Заполнение данных" (Data Entry). At the top, there is a breadcrumb trail: "ПРОЦЕССЫ > РЕГИСТРАЦИЯ ГРУППЫ > ЗАПОЛНЕНИЕ ДАННЫХ". The form fields are as follows:

- Курс * (Course): 2 (dropdown menu)
- Русский * (Russian): АВТ (text input, example: ЭГС)
- Қазақша * (Kazakh): АЕТ (text input)
- English * (English): АСТ (text input)
- Тип: * (Type): Внебюджетная (dropdown menu)
- Внебюджетных мест * (Extrabudgetary places): 5 (text input)
- Специальность: (Specialty): ВТ (text input)
- Мастер ПО: (Master of the subject): Каналиев Мейрамбек Маи (dropdown menu)
- Куратор: (Caretaker): Кумекбаева Батима Алд (dropdown menu)

At the bottom of the form, there are two buttons: "Создать" (Create) and "Отменить" (Cancel).

44-сурет – Жаңа сыныптың мәліметтерін толтыру терезесі

Жаңа сыныптың мәліметтерін толтыру терезесінде міндетті алаңдарды енгізу және «Құру»перенесіне басу керек. Егер мұғалім басқа бір сыныпқа жетекшілік етсе, экранда «Мұғалімде сынып жетекшілігі бар» деген жазу пайда болады.

Қорытынды

Электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі мұғалімдерге персоналдық блогтар мен портфолио арқылы кәсіби тәжірибесімен алмасуға, оқушылар үлгерімінің динамикасын қадағалауға мүмкіндік береді.

Мысалы, «Күнтізбелік-тақырыптық жоспар» бөлімі тоқсан бойынша КТЖ-ны толтыру үшін мұғалімдерге қолайлы әрекеттер ұсынуы тиіс. КТЖ басқа мұғалімдерге КТЖ-ны қарап шығуды, тоқсан бойынша КТЖ-ны көшірмелеуді, бар жоспарға жаңа сыныпты қосуды, мәліметтерді *Excel*-ге жүктеуді және т.б. қамтамасыз етуі тиіс. Мұғалімдердің әрқайсысы жүктеме бойынша сағаттарды өзі жүргізетін пәндер мен сыныптарда ғана КТЖ-ны редакциялау үшін қатынас құра алуы тиіс.

Электрондық оқытудың ақпараттық жүйесімен жұмыс істеген кезде мұғалім бөлек оқушы мен сыныптың оқу үлгерімін қадағалауға мүмкіндік алады. Үлгерім мен сапа пайызын оқылған пәндер тақырыптарымен салыстырған кезде, пән мұғалімі пәннің қандай бөлімдері сәтті немесе сәтсіз оқылғанын анықтай алады. Жүйе локальдік желіде қызмет етеді.

Үлгерім мен сапа пайызын бейнелеуде *Microsoft Excel* бағдарламасының парақтары негіз болып табылады, әр оқушыға бөлек файл арналады. Оқу сыныптары бөлек бумаларға топтастырылған. Барлық жүйе мектеп серверінде сақталынады.

Электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі төмендегілерді қамтамасыз етеді:

- оқу ақпаратының компьютерлік визуализациясы мен ойын жағдаяттарын енгізу арқылы оқушылардың танымдық және шығармашылық іс-әрекеттерін белсендіруді;
- заманауи өңдеу, сақтау, ақпаратты беру (соның ішінде аудиовизуалдық) құралдарын қолдану арқылы пәнаралық байланыстың тереңдетілуін;
- мектеп іс-шаралары аясында алған білімдердің тәжірибелік бағытын күшейту;
- АКТ құралдары арқылы жүзеге асатын интеллектуалдық-шығармашылық әрекетке бағытталған оқушылардың тұрақты танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру;
- оқушылармен жұмыс істеу барысында дараландыру мен саралауды жүзеге асыру;
- заманауи коммуникациялық құралдар арқылы оқушылардың еркін мәдени қарым-қатынасының қабілеттерін дамыту.

Сондай-ақ, бұл жүйені пайдаланып мұғалім оқушылардың қайсысына жеке тұрғыдан қарау керек, ал қайсысына жеке жұмыс беруге болатынын да анықтай алады. Жалпы айтқанда, мұғалім оқытудың электрондық жүйесін қолдану негізінде мектеп оқушыларының іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра алу мүмкіндігіне ие болады.

Глоссарий

E-learning – бұл оқу және оқыту форматы, білім беру контенттерінің электрондық формасына электрондық құралдарды, компьютерді, ұялы телефонды, коммуникаторларды қолданып, білімді басқару жүйесі (*LMS*) және интерактивтік оқыту платформасына негізделген сабақ беру формаларының бірі.

Жоспар – пайдаланушыларға берілген рөлге байланысты олардың ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді жоспарлауды жүзеге асыруына мүмкіндік беретін және құрамына оқу жоспарлары мен бағдарламалар, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар енетін құрал.

Оқу жоспары – оқу ісінің меңгерушісіне Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының оқу бағдарламасына сәйкес жылдық және айлық оқу жоспарларын дайындау құралы.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар – тоқсан бойынша КТЖ-ны автоматты түрде толтыру үшін және өзгертуге, директорға көруге болатын мұғалімдерге арналған қолайлы құрал.

«Кесте» – сабақтардың кестесін, сабақтан тыс жұмыстардың (үйірмелердің, факультативтердің және т.б.) кестесін және қоңыраулардың кестесін автоматты түрде құруға арналған.

«Электрондық журнал» – оқушылардың үлгерімі мен қатысуын есепке алудың құралы болып табылады, оқушы білімінің сапасын бағалау жүйесінің мөлдірлігін және ата-аналармен үнемі өзара әрекеттесу, оқыту нәтижелері туралы оларды хабарландыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1 Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

2 2010-2015 жылдарға арналған электрондық оқыту жүйесінің концепциясы – Астана, 2010.

3 Электрондық оқытудың Ақпараттық жүйесі (ЭО АЖ). Пайдаланушының басшылығы және оқу-техникалық материалдар. - Астана, 2013.

4 Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. Электрондық оқыту жүйесін енгізу негізінде педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру әдістемесі. -Алматы, 2012.

5 Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. Методика повышения квалификации педагогических работников на основе внедрения системы электронного обучения. – Алматы, 2012.

Интернет-ресурстар


1. www.e.edu.kz

2. <https://e.edu.kz/ru/administration.html>

3. <https://e.edu.kz/61/->

[/document_library_display/pZlnBM7EsmAz/view/5354277?_110_INSTANCE_pZlnBM7EsmAz_redirect=https%3A%2F%2Fe.edu.kz%2F61%2](https://e.edu.kz/61/-/document_library_display/pZlnBM7EsmAz/view/5354277?_110_INSTANCE_pZlnBM7EsmAz_redirect=https%3A%2F%2Fe.edu.kz%2F61%2)

Оқыту үдерісін басқару жүйесі



Содержание

	Введение.....	43
1	Методические рекомендации по применению модулей «Мои предметы» и «Мои занятия».....	44
2	Использование обучающих ресурсов системы (е-библиотека и ЦОР).....	54
3	Модули контроля знаний и их применение.....	64
4	Основные функции модуля «Мои классы» для классного руководителя.....	76
	Заключение.....	78
	Глоссарий.....	79
	Список использованных источников.....	80
	Приложения.....	81

Введение

В Послании Президента Н. Назарбаева народу Казахстана сказано, что «...Мы должны продолжить модернизацию образования. Качественное образование должно стать основой индустриализации и инновационного развития Казахстана». Новый этап информатизации образования связан с введением в организациях образования республики системы электронного обучения, которая сохранит действующую систему и, вместе с тем, повысит качество обучения за счет интеграции с традиционной системой.

В настоящее время в республике идет активная реализация Государственной программы развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы, в которой одной из важных задач является внедрение системы электронного обучения, подразумевающее обеспечение равного доступа всех участников образовательного процесса к лучшим образовательным ресурсам и технологиям.

В информационной системе электронного обучения описывается управление обучением. При работе системы управления обучением ключевую роль играет учитель. По данным системам подробно даются цифровые образовательные ресурсы, системы тестирования, календарное и тематическое планирование. По каждому системам необходимо методическое руководство для учителя. Для эффективного использования систем необходимо разработать методическое руководство по каждой системе.

Содержание данного методического руководства охватывает методику использования системы электронного обучения и цифровых образовательных ресурсов для применения в профессиональной деятельности педагога.

Структура методического руководства состоит из следующих модулей: *Мои предметы и Мои занятия, Е-библиотека, Контроль знаний, Мой класс для классного руководителя.*

В каждом модуле дано описание информационной системы электронного обучения и методика работы по использованию цифровых образовательных ресурсов в образовательном процессе. Например, использование цифровых образовательных ресурсов в начальном классе.

Для описания каждого модуля использовано «Техническое задание информационной системы электронного обучения. Руководство пользователя учителей школы», учтен опыт работы учителей общеобразовательных школ республики, где уже внедрена системы электронного обучения.

1 Методические рекомендации по применению модулей «Мои предметы» и «Мои занятия»

